

Алматы қаласы Наурызбай ауданы
ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА БАРМАЙТЫН
БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН
КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ
ПУНКТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2024-2025 оқу жылы**

2024 жыл

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

Бұйрық №11

26.08.2024 жыл

Алматы қаласы

**МДҰ кеңес беру пунктiнiң
жұмысын ұйымдастыру туралы**

Мектепке дейiнгi ұйымдар қызметiнiң үлгiлiк қағидалары негiзiнде және мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әдiстемелiк, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету үшiн
БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа **2024 / 2025** оқу жылынан бастап **ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы** мектепке дейiнгi ұйымының базасында ата-аналарға арналған кеңес беру пунктi ашылсын.
2. Кеңес беру пункттiң жұмыс кестесi бекiтiлсiн.
3. Кеңес беру пункттiң жұмыс жоспары бекiтiлсiн.
4. Кеңес беру пунктiнiң жұмысы туралы ақпаратты сайтқа және мектепке дейiнгi ұйымының хабарландыру бұрыштарына орналастырылсын.
5. Консультациялық көмек көрсету үшiн мамандар бекiтiлсiн.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау МДҰ директорға Смагулова А.С жүктелсiн

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасының директоры Смагулова А.С

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА БАРМАЙТЫН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 11 наурыздағы №2 хаттама)

КП басшының бұйрығы негізінде білім беру ұйымының базасында құрылады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын оның құрылымдық бірлігі болып табылады.

КП қызметін КП туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

КП қызметін демалыс күндері 4 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған МДҰ-дың топтарында жүзеге асыра алады, балаларды мектепке дайындау үшін қабылдау жүзеге асырылады (толық емес күн, яғни, балалар үш сағат болады, олар ұйықтамайды және тамақтанбайды). Балалар сабақта болған кезде балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогтерден кеңес алуына болады.

Сонымен қатар, МДҰ базасында мектеп жасына дейінгі балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) онлайн консультация ұйымдастыру ұсынылады.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептер базасында балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) топтық және жеке консультациялар берілетін жеке кабинетте КП ұйымдастыруға болады.

КП жұмысының басталуы туралы мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) WhatsApp чаттары (отбасылық, аулалық және т. б.), бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram), МДҰ-ның сайты арқылы хабардар ету қажет (1-қосымша).

КП мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;
- белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;

КП жұмысының негізгі бағыттары:

- диагностикалық көмек көрсету - баланы психологиялық- педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- консультациялық көмек көрсету - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;
- әдістемелік көмек көрсету - ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, отбасында туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарым- қатынастар орнату, баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен, отбасы жағдайында тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен таныстыру.

КП қызметінің негізгі нысандары: ата - аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы

бойынша онлайн және офлайн форматтарда жеке және топтық консультациялар беру болып табылады.

Жеке және топтық консультацияларды жүзеге асыру үшін кабинеттерді жиһаздармен жабдықтау (үстел, орындықтар, ноутбук және т.б.) және дидактикалық материалдың жеткілікті санымен қамтамасыз ету қажет: арнайы әдебиеттер, дидактикалық және дамытушы ойындар мен ойыншықтар, балалар мен ата-аналарға арналған диагностикалық материалдар жиынтығы, педагогтар мен мамандардың дамытушы бағдарламалары, ата-аналармен жүргізілген жұмыс тәжірибесінен материалдар.

Балалармен және ата-аналармен спорт залда, спорт алаңында, құрғақ бассейндерде, балалардың дамуы үшін қауіпсіз және жайлы жағдайлар жасалған сенсорлық, ойын бөлмелерінде консультациялар немесе сабақтар өткізу ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағы абаттандырылуы, құмсалғыштар орналасқан ойын алаңдарымен, күркелермен, спорт алаңдарымен жабдыкталуы қажет, онда ата-аналар мен балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес дамытушы ортаның барлық ресурстарын пайдалануға мүмкіндігі болуы керек.

КП жұмысын білім беру ұйымының әкімшілігі реттейді.

Балалардың ата - аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық көмек мамандардың қызметін кіріктіру негізінде көрсетіледі:

- меңгеруші;
- әдіскер;
- тәрбиеші;
- музыка жетекшісі;
- дене шынықтыру нұсқаушысы;
- педагог-психолог;
- логопед;
- медбике;
- қазақ тілі педагогі.

Логопед баланың танымдық және сөйлеуінің даму деңгейін анықтайды (тексеру); баланың сөйлеуіндегі кемшіліктерді түзету және оның алдын алу мақсатымен (консультация, семинарлар) ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек көрсетеді; ата-аналарға (заңды өкілдерге) және балаға сөйлеуді дамыту бойынша қызықты ойындар мен жаттығуларды (практикумдар) ұсынады (көрсетеді).

Педагог-психолог эмоционалды-тұлғалық мәселелерді анықтайды; таным процестерінің даму деңгейін анықтайды (зейін, қиял); есте сақтауды, ойлауды дамытады, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын талдайды; баланың мектепте оқуға психологиялық дайындық деңгейіне диагностикалық тексеру жүргізеді.

Дене шынықтыру нұсқаушысы балалар мен ересектерге салауатты өмір салтын насихаттайды; үй-жайларда және далада ойналатын қимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды ұсынады.

Медбике күн тәртібін құрастыруға және баланың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруға көмек көрсетеді; әртүрлі аурулардың: ЖРВИ, тұмау, жіті вирустық инфекциялар, жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша ұсыныстар береді.

КП педагогтері баланың танымдық, шығармашылық және музыкалық дамуына арналған түрлі тәсілдерді, ойындарды, жаттығуларды көрсетеді; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультация береді.

Сондай-ақ, Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі-Институт) сайтында «Ата-аналарға кеңес» бөлімімен «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды. Аталған бөлімде үй жағдайында баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту бойынша дамытушы ойындар, психологтың баланы дамыту, мектепке дайындау туралы кеңестері, логопедтердің балалардың сөйлеуін дамыту бойынша кеңестері, дамытушы ойын әрекеттері қамтылған бейнероликтер әзірленіп орналастырылды.

Аталған материалдарды КП қызметінде қолдануға болады.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың сайтында «Консультациялық пункт» айдарын жүргізу ұсынылады, онда мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен әзірленген материалдар орналастырылатын болады.

Сонымен қатар, «Сұрақ-жауап» айдарының қызметін жүзеге асыру ұсынылады, онда ата-аналар (заңды өкілдер) балаларды тәрбиелеуге, дамытуға және мектепте оқуға дайындауға қатысты сұрақтарға жауап ала алады.

КП жұмысының басталғаны туралы білген мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) консультация алу үшін хабарласа алады. Олар баласы туралы ақпарат береді, өздерін қызықтыратын сұрақтар қояды.

Маман кездесу уақытын белгілейді және ата-аналардың (заңды өкілдердің) алдын ала жазылу журналына тіркейді (2-қосымша). Белгілген уақытта ата-аналар (заңды өкілдер) баласымен бірге келеді және олардың келуі КП мамандарының жұмысын есепке алу журналында тіркеледі (3-қосымша).

Маман баламен сөйлеседі, оған ойындар ойнауды, тапсырмалар орындауды ұсынады. Осылайша, ол мектеп жасына дейінгі баланы диагностикалық тексеруден өткізеді.

Бірлескен сабақтан кейін педагог балаға қызығушылығы бойынша әрекетпен айналысуды ұсынады (конструкторларды жинау, сурет салу, мүсіндеу және т.б.), ал өзі осы уақытта ата-аналармен (заңды өкілдермен) әңгімелеседі, баланың даму деңгейі туралы айтады, ұсынымдар береді.

Консультацияны ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін ескере отырып, бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

Мамандардың жұмыс кестесін білім беру ұйымының жұмыс тәртібін ескере отырып, әкімшілік анықтайды (4-қосымша). Сондай-ақ, КП-тің жұмыс кестесі мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) сұраныстарына байланысты икемді болуы мүмкін.

КП - те штат бірліктері қарастырылмаған, мамандар негізгі жұмысының аясында жеке және топтық консультациялар жүргізеді.

КП педагогтері ата-аналармен (заңды өкілдерімен) әріптестік қарым- қатынас орнатады, мектеп жасына дейінгі балаларға жеке нәтижеге бағдарланған педагогикалық және психологиялық көмек көрсетеді.

Мамандар ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізеді. Сондай-ақ, бала болмаған кезде ата-аналарға жеке консультация және бірдей мәселелері бар отбасыларға топтық консультация береді, телефон арқылы ата-аналарға (заңды өкілдерге) сұрақтарына кеңес береді.

Консультация мынадай мәселелер бойынша жүргізіледі :

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- балаларды әлеуметтендіру;
- баланың сөйлеуін дамыту;
- балалардың балабақшаға бейімделуі;
- көркем шығармашылықты дамыту;
- отбасындағы тәрбие мәселесі;
- дамытушы бағдарламаны таңдау;
- ойын әрекетін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдайлар жасау;
- балаға, оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру қызметтері туралы

хабардар ету.

Берілген тақырыпты ескере отырып, білім беру ұйымының әкімшілігі қажетті ақпаратты толық меңгерген маманды консультация беруге тартады.

Бұдан әрі ата-аналардың (заңды өкілдердің) КП - ке келуі алдын ала жазылу бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, КП мамандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) виртуалды консультация бере алады. Бұл онлайн форматтағы консультациялар, шеберлік сыныптары, семинарлар және т.б.

Егер ата-аналар (заңды өкілдер) онлайн-консультацияға қатыса алмаса, оның жазбасын көре алады. Барлық фото және бейнематериалдарға, бейнеконсультацияларға, шеберлік сыныптарына, вебинарларға және пайдалы интернет-сайттарға сілтемелер білім беру ұйымының сайтындағы

«Консультациялық пункт» айдарында және әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram) орналастырылуы керек.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!!!

**2024-2025 оқу жылы, Біздің ЖШС Бақ-Ислам»
балабақшасының**

**2 жастан 6 жасқа дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйымға
бармайтын және баратын ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған
ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ жұмыс істейді.**

Сіздерге:

- 1) мессенджерлері арқылы мамандардың консультацияларын;**
- 2) Білім беру ұйымының сайтында (*Instagram, Facebook*)
мәтіндік консультациялар мен бейнероликтерді;**
- 3) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейне–
ойындарды ұсынамыз.**

**Консультация алуға мына телефон арқылы жазылуға болады:
8 7776608471**

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

БҰЙРЫҚ № 1

Алматы қ

«26» тамыз 2024 жыл

«Консультациялық пункт мамандарын тағайындау туралы»

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы №249 ҚРК) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында және Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар жанынан ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктері ескеріліп, мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі КП) жұмысын ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН.

1. 2024-2025 оқу жылына мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Балалардың ата аналарына немесе заңды өкілдеріне консультациялық пункт мамандары төмендегі тізімге сәйкес бекітілсін:
 - 2.1 Директор, – Смагулова А.С
 - 2.2 Мейірбике – Белдикбаева С.К
 - 2.3 Тәрбиеші – Сақтаганова М
 - 2.4 Тәрбиеші – Уалиева А
3. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу консультациялық пункт мамандарына жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалауды өзіме қалдырамын.

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасының директоры Смагулова А.С

Бұйрықпен таныстым:

Смагулова А.С

(Т.А.Ә)



(қолы)

26.08.2023 жыл

(күні, айы, жылы)

Бұйрықпен таныстым:

Абильмажит М

(Т.А.Ә)



26.08.2023 жыл

(қолы)

(күні, айы, жылы)

Бұйрықпен таныстым:

Бағдаулет А

(Т.



(қолы)

26.08.2023 жыл

(күні, айы, жылы)

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы

2024–2025 оқу жылына арналған КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және әлеуметтік қолдау көрсету, отбасы тәрбиесінің сапасын арттыру, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру;
- Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дамуына қолдау көрсету;
- Баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал ету;
- Үй жағдайында тиімді тәрбиелеу тәсілдерін насихаттау;
- Балалардың сөйлеу, танымдық, эмоционалдық даму бағыттарына көмек көрсету;
- Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- Ата-аналарға психологиялық және әдістемелік кеңес беру.

№	Іс-шаралар мазмұны	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Консультативтік пункттің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту КП жұмысы басталуы туралы хабардар ету (БАҚ, әлеуметтік желілер, сайт арқылы)	Ұйымдастыру	Қыркүйек	Меңгеруші
2	Ата-аналар арасында сауалнама жүргізу арқылы қажеттіліктерді анықтау	Сауалнама	Қыркүйек	Әдіскер
3	Ата-аналардың сұраныстары мен балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес кеңес беру жұмыстарын жүргізу	Кеңестер	Жыл бойы	КП мамандары
4	«Үй жағдайында баланың күн тәртібін ұйымдастыру» тақырыбында кеңес	Кеңес	Қыркүйек	Тәрбиеші
5	Балалардың бейімделу кезеңін бақылау және ата-аналарға ұсыныстар беру	Бақылау	Қыркүйек	
6	«Баланың сөйлеу белсенділігін арттыру жолдары» тақырыбында практикалық кеңес	Практикалық жұмыс	Қазан	Тәрбиеші
7	Ата-аналарға арналған «Эмоциялық интеллект және бала тәрбиесі» тренингі	Тренинг	Қазан	
8	«Дамытушы ойындарды тиімді пайдалану» тақырыбында шеберлік сағаты	Шеберлік сағаты	Қараша	Тәрбиеші
9	Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар таныстыру	Практикалық жұмыс	Қараша	Тәрбиеші
10	«Бала денсаулығын нығайтудағы отбасының рөлі» тақырыбында түсіндіру жұмыстары	Кеңес	Желтоқсан	Медбике
11	Ата-аналарға қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Ақпараттық жұмыс	Желтоқсан	Медбике
12	«Баланың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында кеңес	Кеңес	Қаңтар	Тәрбиеші
13	Баланың есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар ұйымдастыру	Практикалық кеңес	Қаңтар	Тәрбиеші

14	«Ертегі терапиясының бала дамуына әсері» тақырыбында семинар	Семинар	Ақпан	
15	Ата-аналарға арналған «Балаға шектеу қою және тәртіп қалыптастыру» тақырыбында кеңес	Кеңес	Ақпан	
16	Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі маңызы туралы тәжірибе алмасу	Дөңгелек үстел	Наурыз	Тәрбиеші
17	«Баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі» тақырыбында ата-аналармен кездесу	Кездесу	Наурыз	
18	Балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру	Көрме	Сәуір	Тәрбиешілер
19	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздігі» тақырыбында кеңес	Кеңес	Сәуір	Медбике
20	Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына мектепке дайындық бойынша ұсыныстар беру	Кеңес	Мамыр	
21	Консультативтік пункт жұмысына қорытынды мониторинг жүргізу	Мониторинг	Мамыр	
22	Жылдық жұмыс нәтижесіне талдау жасау	Талдау	Мамыр	Консультативтік пункт мүшелері
23	2025–2026 оқу жылына ұсыныстар әзірлеу	Ұсыныс	Мамыр	

Бекітемін:
ЖШС Бақ-Ислам балабақшасының директоры Смагулова А

**КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ МАМАНДАРЫНЫҢ
ЖҰМЫС КЕСТЕСІ
2024-2025 оқу жылы**

№	Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы, Т.А.Ә
1	Дүйсенбі	09.00-10.00	Жалпы бақылау, ұйымдастыру	Меңгеруші
2	Сейсенбі	14.00-15.00	Әдістемелік көмек көрсету; Эмоционалды-тұлғалық мәселелерді анықтайды; таным процестерінің даму деңгейін анықтайды; есте сақтауды, ойлауды дамытады, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын талдайды; баланың мектепте оқуға психологиялық дайындық деңгейіне диагностикалық тексеру жүргізеді.	Әдіскер
3	Сәрсенбі	16.00-17.00	Мейірбике күн тәртібін құрастыруға және баланың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруға көмек көрсетеді; әртүрлі аурулардың: ЖРВИ, тұмау, жіті вирустық инфекциялар, жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша ұсыныстар береді	Мейірбике
4	Бейсенбі	14.00-15.00	КП педагогтері баланың танымдық, шығармашылық және музыкалық дамуына арналған түрлі тәсілдерді, ойындарды, жаттығуларды көрсетеді; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультация береді.	Тәрбиешілер
5	Жұма	14.00-15.00		

ЖШС Бақ-Ислам
бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен баланың ата-
аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы
№ 1 шарт

«01» қыркүйек 2024 ж.

Смагулова А.С мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі атынан ЖШС «Бақ-Ислам бөбекжай балабақшасы мектепке дейінгі ұйым бір тараптан және анасы (әкесі, оларды алмастыратын тұлға), бұдан әрі «Ата-ана» Қалдыбай Жадыра Қалжанқызы деп аталады, келесі тараптан төмендегі мазмұнда осы Шартты жасады:

1. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:

- 1.1. Ата-анасының өтініші негізінде баланы МДҰ-ның консультациялық пунктіне есепке алу.
- 1.2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды, оның зияткерлік, дене және жеке дамуын қамтамасыз етуге; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оған деген жеке әдісті жүзеге асыруға, баланың эмоциялық игілігіне қамқорлық жасауға.
- 1.3. Заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайлар, жабдықтар, оқу-көрнекі құралдар, ойындарға арналған материалдар).
- 1.4. Баланың әрекетін жасына, жеке ерекшеліктеріне, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру.
- 1.5. Мамандар қызметін ұсыну
- 1.6. Бала ауырып қалғанда, сондай-ақ ата-анасы (заңды өкілі) дәлелді себептермен (ауруы, іссапар және т.б.) демалыста және уақытша болмаған жағдайда балабақшаның кеңес беру пунктінде баланың орнын сақтау.
- 1.7. МДҰ-ның консультациялық пунктінде болған кезеңінде бала мүлкінің пунктте сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 1.8. Ата-анаға (заңды өкілге) баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы ауытқуларды түзетуде білікті көмек көрсету.
- 1.9. Осы Шартты сақтау.

2. Ата-ана міндеттенеді:

- 2.1. Осы Шартты сақтау.
- 2.2. Баланың алдағы уақытта болмауы туралы балабақшаға хабарлау (демалыс, ауру және т.б.).
- 2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ консультациялық пунктімен өзара әрекеттесу, бірлескен іс-шараларға белсенді қатысу.

3. Мектепке дейінгі ұйым құқылы:

- 3.1. Баланың консультациялық пунктте одан әрі болуына кедергі келтіретін баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болған кезде, баланы шығарып жіберуге.
- 3.2. Ата-анасы (заңды өкілі) өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған жағдайда, оған бұл туралы 10 күн бұрын хабарлап, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4. Ата-ана құқылы:

- 4.1. Балабақшаның консультациялық пунктінде балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.
- 4.2. Консультациялық пункттің жұмысы туралы есептерді тыңдау.
- 4.3. Мектепке дейінгі ұйым басшысына бұл туралы алдын ала 10 күн бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

5. Шарттың қолданылу талаптары.

- 5.1. Шарт оған қол қойылған сәттен бастап қолданылады, тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.
- 5.2. Шартқа өзгерістер, толықтырулар Шартқа қосымша түрінде ресімделеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі.

- 6.1. Тараптар міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін жауапты.

7. Шарттың қолданыс мерзімі 2024-2025 оқу жылы аралығында.

8. Шартқа қол қойған тараптар:

Мектепке дейінгі ұйым атынан:

ЖШС Бак-Ислам

директоры Смагулова А.С

:

«01» қыркүйек 2024 жыл



Ата-ананың (заңды өкіл) ТАӘ:

Қалдыбай Жадыра Қалжанқызы

(қолы)

Мекен жайы: Алматы Ақбұлақ №60 үй

Байланыс нөмірі: 8-777-143-56-40

«01» қыркүйек 2024 жыл

**ЖШС Бақ-Ислам бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған
балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған білім беру ұйымдарының
жанындағы консультациялық пунктке келетін балалар тізімі
2024-2025 оқу жылы**

№	АТА-АНАНЫҢ (заңды өкілдің) АТЫ-ЖӨНІ	БАЛАНЫҢ АТЫ- ЖӨНІ	ТУҒАН КҮНІ,АЙЫ,ЖЫЛЫ Баланың жасы	МЕКЕН- ЖАЙЫ, БАЙЛАНЫС НӨМІРІ
1	Қалдыбай Жадыра Қалжанқызы	Сабыржан Айсұлтан Жанболатұлы	24.01.2020 жыл	Бұлбұл № 60 үй 8-771-887-72-93
2	Мархабаева Зарина Джаксылыковна	Ақжол Құралайым Нұрмұқанқызы	27.08.2020 жыл	Ынтымақ №19 8-705-603-78-75
3	Мекуалы Айнаш Құрманғазықызы	Бегжан Алишах Азаматұлы	10.02.2020 жыл	Махамбет Өтемісұлы е\м Шапағат б\н 8-747-835-39-54
4	Тілепбаева Гүлмира Дүйсебекқызы	Әділбай Ханшайым Оңғарқызы	18.01.2020 жыл	Абдраймов №101 8-702-884-14-28
5	Қалмұратова Ақмарал Қалдыбайқызы	Калибай Айым Спандиярқызы	11.03.2020 жыл	Махамбет Өтемісұлы е\м Курбанов №30 8-707-520-56-85

ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы
Консультативтік пункттің кезектен тыс отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22 тамыз 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы
Қатысқандар: Меңгеруші, тәрбиешілер, мейірбике

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы консультативтік пункт жұмысының қорытынды есебі.
2. Ата-аналармен жүргізілген педагогикалық-психологиялық жұмыстардың тиімділігі.
3. Балалардың даму көрсеткіштері бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесі.
4. Консультативтік пункт жұмысын жетілдіру жолдары және жаңа оқу жылына ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылында консультативтік пункт жұмысы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізілгенін айтты.

Өз баяндамасында жылдық жоспар негізінде ата-аналарға педагогикалық, психологиялық, әдістемелік көмек көрсету мақсатында жүйелі жұмыстар ұйымдастырылғанын атап өтті.

Оқу жылы барысында:

- ата-аналармен жеке және топтық кеңестер;
- онлайн консультациялар;
- тренингтер;
- дөңгелек үстелдер;
- шеберлік сағаттары;
- практикалық сабақтар;
- сауалнамалар;
- ашық есік күндері өткізілгенін баяндады.

Сонымен қатар ата-аналардың сұраныстары негізінде:

- баланың сөйлеу тілін дамыту;
- эмоциялық тұрақтылық;
- гаджетке тәуелділіктің алдын алу;
- тәртіп қалыптастыру;
- мектепке даярлау;
- баланың бойындағы қорқыныш пен мазасыздықты жеңу тақырыптарына ерекше назар аударылғанын айтты.

Жыл ішінде консультативтік пунктке жүгінген ата-аналардың саны артқанын және олардың мамандар көмегіне қанағаттанғанын жеткізді.

Екінші мәселе бойынша:

Меңгеруші сөз алып, оқу жылы барысында жүргізілген психологиялық жұмыстар туралы кең көлемде баяндама жасады.

Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңіне тұрақты бақылау жүргізілгенін айтты. Бақылау нәтижесінде кейбір балаларда мазасыздық, ұялшақтық, қарым-қатынасқа түсу қиындығы байқалып, олармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілгенін баяндады.

Өз жұмысында:

- ертегі терапиясы;
- құм терапиясы;
- арт-терапия;
- релаксациялық жаттығулар;
- эмоциялық ойындар;
- нейрожаттығулар қолданылғанын айтты.

Сонымен қатар ата-аналарға:

- «Баланы жазаламай тәрбиелеу»;
- «Баланың эмоциясын түсіну»;
- «Бала психологиясындағы ата-ананың рөлі»;
- «Гаджеттің бала психикасына әсері» тақырыптарында кеңестер мен тренингтер өткізілгенін баяндады.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде балалардың эмоциялық тұрақтылығы артып, өз ойын жеткізу белсенділігі жақсарғанын атап өтті.

Тәрбиеші сөз сөйледі.

Тәрбиеші ата-аналармен ұйымдастырылған практикалық жұмыстарға тоқталды.

Оқу жылы барысында:

- сенсорлық ойындар;
- логикалық тапсырмалар;
- саусақ жаттығулары;
- мнемокестелер;
- шығармашылық жұмыстар;
- ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар көрсетілгенін айтты.

Тәрбиеші ата-аналардың балалармен бірге тәжірибелік жұмыстарға белсенді қатысқанын, үй жағдайында дамытушы ортаны ұйымдастыруға қызығушылық танытқанын жеткізді.

Сонымен қатар кейбір балалардың:

- есте сақтау қабілеті;
- ойлау белсенділігі;
- тапсырманы орындау дағдылары жақсарғаны байқалғанын айтты.

Тәрбиеші сөз сөйледі.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды.

Атап айтқанда:

- артикуляциялық жаттығулар;
- дыбыстық ойындар;
- байланыстырып сөйлеу;
- сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- жаңылтпаш жаттау;
- ертегі мазмұнын айтқызу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар ата-аналарға балалармен күнделікті сөйлесу, сұрақ қою арқылы ойлау қабілетін дамыту жөнінде кеңестер берілгенін айтты.

Жыл қорытындысы бойынша балалардың сөздік қорының молайғаны және байланыстырып сөйлеу дағдыларының дамығаны байқалғанын баяндады.

Тәрбиешілер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілген жұмыстары туралы баяндады.

Жыл бойы:

- музыкалық-ырғақты ойындар;
- би элементтері;
- қимылды сергіту сәттері;
- музыкалық жаттығулар ұйымдастырылғанын айтты.

Музыка арқылы балалардың:

- эмоциялық көңіл-күйі көтерілгенін;
- есте сақтау қабілеті дамығанын;
- шығармашылық белсенділігі артқанын жеткізді.

Сонымен қатар ата-аналардың балалармен бірге музыкалық тапсырмалар орындауға қызығушылық танытқанын айтты.

Медбике сөз сөйледі.

Медбике оқу жылы барысында балалардың денсаулығын нығайту және аурулардың алдын алу бағытында жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Ата-аналарға:

- дұрыс тамақтану;
- дәрумендердің маңызы;
- ұйқы режимі;
- жеке бас гигиенасы;
- маусымдық аурулардың алдын алу;
- қауіпсіздік ережелері туралы кеңестер берілген.

Сонымен қатар ата-аналарға гаджетті шамадан тыс қолданудың бала денсаулығына әсері түсіндірілгенін баяндады.

Үшінші мәселе бойынша:

Меңгеруші сөз сөйлеп, консультативтік пункт жұмысына жан-жақты талдау жасады.

Меңгеруші өз сөзінде биылғы оқу жылында ата-аналармен кері байланыс нығайғанын, мамандардың жүйелі және нәтижелі жұмыс жүргізгенін атап өтті.

Сонымен қатар келесі оқу жылында:

- цифрлық кеңес беру жұмыстарын көбейту;
- ата-аналар клубын ұйымдастыру;
- ерекше білімді қажет ететін балалар ата-аналарына қолдау көрсету;
- отбасылық тәрбиені нығайту бағытындағы жұмыстарды күшейту;
- психологиялық қолдау бұрышын ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Тәрбиеші

Консультативтік пункт жұмысы ата-аналардың белсенділігін арттырғанын және балалардың дамуында оң өзгерістер байқалғанын айтты.

Тәрбиеші

Ата-аналардың психологиялық кеңестерге қызығушылығы артқанын және балалардың эмоциялық жағдайында тұрақтылық қалыптаса бастағанын жеткізді.

Балабақша меңгерушісі

Алдағы оқу жылында инновациялық әдістерді көбірек енгізу қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы консультативтік пункт жұмысы нәтижелі деп танылсын.
2. Жылдық қорытынды есеп бекітілсін.
3. Ата-аналармен онлайн және офлайн форматтағы жұмыстар жалғастырылсын.

4. Балалардың сөйлеу, эмоциялық және танымдық дамуына бағытталған жұмыстар күшейтілсін.
5. Ата-аналарға арналған практикалық шеберлік сағаттарының саны арттырылсын.
6. Ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жүйелендірілсін.
7. 2025–2026 оқу жылында ата-аналар клубы ұйымдастырылсын.
8. Консультативтік пункт жұмысына тұрақты мониторинг жүргізілсін.

Төрайымы:

Смагулова А.С

Хатшы:

Уалиева А

ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы

2024–2025 оқу жылы бойынша консультативтік пункт жұмысына жылдық талдау

2024–2025 оқу жылында **ЖШС Бақ-Ислам балабақшасы** жанынан құрылған консультативтік пункт өз жұмысын Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарына, мектепке дейінгі ұйым қызметінің үлгілік қағидаларына және балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырды.

Консультативтік пункттің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата-аналарына педагогикалық, психологиялық, әдістемелік және әлеуметтік көмек көрсету, отбасы тәрбиесіне қолдау жасау, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету болды.

Оқу жылының басында консультативтік пункттің жұмыс жоспары бекітіліп, мамандар құрамы анықталды. Консультативтік пункт құрамында меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және медбике қызмет атқарды. Жыл бойы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыстар жүргізіліп отырды.

Алғашқы кезеңде ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, олардың сұраныстары мен қажеттіліктері анықталды. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың көпшілігі балалардың сөйлеу тілін дамыту, мінез-құлық тәрбиесі, мектепке даярлық, эмоциялық тұрақтылық және денсаулық сақтау мәселелері бойынша кеңес алуға қызығушылық танытқаны анықталды.

Консультативтік пункт жұмысы барысында ата-аналармен жеке және топтық кеңестер, семинарлар, тренингтер, практикалық сабақтар, шеберлік сағаттары, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Барлық жұмыстар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілді.

Смагулова А.С тарапынан балалардың балабақшаға бейімделуі, эмоциялық дамуы, қарым-қатынас мәдениеті және мінез-құлық ерекшеліктері бойынша диагностикалық және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. «Эмоциялық интеллект және бала тәрбиесі», «Баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі», «Балаға шектеу қою және тәртіп қалыптастыру» тақырыптарында ата-аналарға тренингтер мен кеңестер өткізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың бала психологиясына деген қызығушылығы артып, балалармен қарым-қатынас жасау мәдениетінде оң өзгерістер байқалды. Кейбір ата-аналар балаға дауыс көтермей сөйлесу, эмоциялық қолдау көрсету тәсілдерін қолдана бастағандарын айтты.

Тәрбиеші балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында ата-аналарға практикалық көмек көрсетті. Үй жағдайында қолданылатын дамытушы ойындар, логикалық тапсырмалар, саусақ жаттығулары мен ұсақ қол моторикасын дамыту әдістері таныстырылды. Ата-аналар шеберлік сағаттарына белсенді қатысып, ұсынылған әдістерді үйде қолдануға қызығушылық танытты.

Тәрбиеші балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету бағытында жұмыстар жүргізді. Ата-аналарға ертегі оқу, жаңылтпаш жаттату, күнделікті сұрақ-жауап әдістерін пайдалану жөнінде кеңестер берілді. Жыл соңында балалардың сөздік қорының кеңейгені және сөйлеу белсенділігінің артқаны байқалды.

Тәрбиешілердің балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырды. Ата-аналарға музыкалық ойындардың бала дамуына әсері түсіндіріліп, үй жағдайында қарапайым музыкалық жаттығулар жасау жолдары көрсетілді. Сонымен қатар балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылып, ата-аналардың қызығушылығын арттырды.

Медбике тарапынан балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасы, маусымдық аурулардың алдын алу, қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілді. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары, жаз мезгіліндегі күннен қорғану, дәрумендердің маңызы туралы ақпараттық кеңестер берілді.

Жыл бойы консультативтік пункт қызметіне жүгінген ата-аналардың саны артып отырды. Әсіресе жеке кеңес алуға сұраныс көбейді. Ата-аналар мамандар тарапынан берілген әдістемелік және психологиялық көмектің тиімді екенін атап өтті.

Консультативтік пункт жұмысының нәтижесінде төмендегідей оң көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығы артты;
- балалардың сөйлеу, танымдық және эмоциялық дамуында оң өзгерістер байқалды;
- балалардың қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптаса түсті;
- ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі күшейді;
- отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайды;
- балалардың мектепке даярлық деңгейі жақсарды.

Сонымен қатар оқу жылы барысында кейбір ата-аналардың уақыттың тығыздығына байланысты іс-шараларға тұрақты қатыса алмауы байқалды. Осыған байланысты келесі оқу жылында онлайн форматтағы кеңестерді көбейту, ата-аналарға арналған бейнематериалдар дайындау және практикалық жұмыстар санын арттыру жоспарланып отыр.

Қорытындылай келе, «Зат» бөбекжай балабақшасы ЖШС жанындағы консультативтік пункттің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп, қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды деп есептеледі. Консультативтік пункт жұмысы ата-аналарға тиімді көмек көрсетіп, балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал етті.